

**ХАБАРЛАМА: 2014 жылдың 18 сәуірінде АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы болып өтеді**

**"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы** (бұдан әрі – биржа), орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат, өз акционерлеріне биржа акционерлерінің кезектен тыс жалапы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) болып өтетіні туралы хабарлайды, бұл жиналыс Биржалық кеңестің бастамасымен шақыртылады (2014 жылдың 11 наурызындағы № 12 отырыс хаттамасы).

Жиналыс **2014 жылдың 18 сәуірінде** Алматы уақытымен сағат 10.00-де мына мекен-жайда: Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат басталады

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2014 жылдың 18 сәуірінде, жиналыс өтетін жерде, Алматы уақытымен сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін жүргізіледі.

Осы жиналысқа қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2014 жылдың 15 сәуіріндегі Алматы уақытымен сағат 00.00-дегі жағдай бойынша құрастырылады.

Кворум жиналмаған жағдайда қайталама жиналыс 2014 жылдың 21 сәуірінде Алматы уақытымен сағат 10.00-де жоғарыда аталған мекен-жайда өткізіледі. Қайталама жиналысқа келушілерді тіркеу 2014 жылдың 21 сәуірінде Алматы уақытымен сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін жүргізіледі.

\* \* \*

**Жиналыстың күн тәртібі**

1. Биржалық кеңестің мүшесін сайлау.
2. Биржалық кеңестің өкілеттілік мерзімі туралы.

\* \* \*

Тіркеу кезінде жиналысқа қатысушылар жиналысқа қатысу және қаралатын сұрақтар бойынша дауыс беру құқығын растайтын құжаттарды көрсетуі тиіс.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдармен биржаның орналасқан жерінде, жиналыс өтер алдында кемінде он күн бұрын танысуға болады.

Жиналыстың күн тәртібіндегі сұрақтарды бірі Биржалық кеңестің мүшесін сайлау туралы болғандықтан, акционерлерден Биржалық кеңес мүшесі лауазымына ұсынар үміткер туралы жабаша түрле **2014 жылдың 02 сәуірі күні сағат 18.00-ге дейін** Биржаға жолдауларын сұраймыз

Қазақстан Республикасы "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 44 бабының 2 тармағына сәйкес, Биржалық кеңес мүшесі лауазымына үміткер туралы ақпарат мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, бар болса – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы ақпараттар;
- 3) Биржаға қатысты аффилиирленуі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) үміткердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын, өзге ақпараттар.

Үміткерді ұсыну хатында, Биржалық кеңес мүшесі лауазымына ұсынылатын, үміткер қай акционердің өкілі болып табылаптындығы көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің Биржалық кеңестің мүшесі лауазымына ұсынатын үміткерлері, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 54 бабына сәйкес, жетекші қызметкерлерге қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

Биржалық кеңестің мүшесі лауазымына үміткер ұсынған акционерлер, осы үміткердің сандық фотосуретін электрондық пошта арқылы Биржаның корпоративтік хатшысының [vika@kase.kz](mailto:vika@kase.kz) мекен-жайына жолдауы тиіс

Анықтама үшін телефондар: (727) 237 53 43.